***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Менің балабақшам»*** | | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек*** | | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру.Балабақша қызметкерлерінің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді;*<br>*Балабақша туралы түсінеді.*<br>*Балабақшадағы қызметкерлерді атай алады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *медбике, аспазшы, пісіреді, ойнайды, жуады.* | | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Қайталау сұрақтар арқылы өткенді естеріне түсіру.* | | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***1.Шаттық шеңбері:***<br>*Күлім қағып қолымды,*<br>*«Бір, екі, үш» деп соғайын.*<br>*Қарап тұрған көршіме,*<br>*Қолымды мен бұлғайын.*<br>*Жылы-жылы сөзбенен,*<br>*Жүрегімді сыйлайын.*<br>*Жыл мезгілі туралы сұрақ - жауап* | | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***2. Топқа бөлу әдісі:***<br>*Суреттер арқылы топқа бөлу.*<br>*1-топ Тәрбиешлер тобы*<br>*2-топ Дәрігерлер тобы.*<br>***3. АКТ мен жұмыс:***<br>*Слайдтағы суретке назар аудару.(жетелеуші сұрақтар)*<br>***1-топ Тәрбиешілер тобы сұрақ:*** | | *Қуыршақтар, ғажайып қорап пен сиқырлы сандықша. Суреттер* |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Балалар балабақша дегеніміз не?*<br>*-Балабақшамыздың аты қалай аталады?*<br>*-Балабақшада біз не істейміз?*<br>***2-топ Дарігерлер тобына сұрақ:***<br>*-балабақшада кімдер жұмыс жасайды?*<br>*-Аспазшы апайдың  қызметі қандай?*<br>*-  Дәрігер апайдың қызметі қандай?*<br>***Балаларды мадақтау.***<br>***Жұлдызша тарату.***<br>***Тосын сәт:***<br>*Қуыршақтар келеді.*<br>*Балалар,қарандаршы қонаққа бізге кім келді?*<br>*Бірақ олар көңілсіз көрініп тұр.Оларға не болғанын сұрайық?*<br>***Қуыршақтар:*** *Біз қашанға дейін сөреде отыра береміз?*<br>*Ойнағыларымыз келеді, балабақшаға барғымыз келеді, бірақ балабақша не екенін де білмейміз.*<br>***Балаларға ашық сұрақтар қою:***<br>*-Сендер балабақшада не істейсіңдер?*<br>*-Ал сендерге балабақшаға баруға ұнайды ма?*<br>*-Балалар апайлар сендерді неге үйретеді?*<br>*Мадақтау. жұлдызша тарату.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Қолды белге қояйық*<br>*Аяқ пенен қолдарды*<br>*Біз жаттықтырып алайық*<br>*Бұрыламыз оңға бір,*<br>*Бұрыламыз солға бір,*<br>*Енді бірге бәріміз*<br>*Орнымызға отырамыз.*<br>***Қуыршақтар****: Қорапшаны шашып алып балалардан көмек сұрайды.*<br>***Дидактикалық ойын:*** *«Құралдарды ажырат»*<br>***Міндеті:*** *балалар қорапшадағы заттарды алып, аттарын айтады. Аспазшы және медбикенің құралдарын ажыратып реттеп қояды.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Балаларды мадақтау. Жұлдызша тарату.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия*** *.........минут* | ***Қорытындылау:*** <br> *Қуыршақтар балалармен рахмет айтып қоштасады.* <br> ***Бас бармақ әдісі.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Балабақша (әңгіме құрастыру)»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыру. Өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап береді;* <br> *Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстайды.* <br> *Ойындар арқылы балабақша қызметкерлері туралы түсінеді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Көпшілік балалар, диалогпен сөйлеседі, әдептілік сөздерін біледі.* <br> *Кейбір балалармен жеке жұмыс жасалу керек.* <br> ***Пікір алмасу сұрақтары:*** <br> *-Біздің балабақша қалай аталады?* <br> *-Біздің топтың атауы қандай?* <br> *-Тәрбиеші апайлардың аты кім?* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Қайталау сұрақтар арқылы өткенді естеріне түсіру.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл*** | ***Шаттық шеңбері:*** | |

| | | |
|---|---|---|
| ***күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Балалар:***<br>*Еліміз тыныш болсын,*<br>*Отбасымыз аман болсын.*<br>*Дастарханнан дәм кетпесін,*<br>*Көңілімізден сән кетпесін.*<br>***Сұрақтар ілмегі:***<br>*-Балалар, сендер күнде қайда келесіңдер?*<br>*-Ертеңгісін балабақшаға келгенде достарымызға не дейміз?*<br>*-Жарайсыңдар балалар. Балабақшада сендер не істейсіңдер?*<br>*Балалардың жауаптарын тыңдау.* | |
| ***ҮІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Тосын сәт:***<br>*Қызыл телпек келеді.*<br>***Ойын:*** *Сиқырлы гүлдердегі сұрақтар .*<br>*Мен өзімнің қызыл телпекшемді қай баланың басына кигізсем сол бала сұраққа жауап береді.*<br>*-Балабақшада сен немен ойнағанды ұнатасың?*<br>*-Саған балабақшаның қандай тамағы ұнайды?*<br>*-Сенің балабақшаң қалай аталады?*<br>*-Балабақшаға деген жақсы тілектер айта аласыңба?*<br>*Балалар сұраққа қызыға жауап береді.*<br>***Мнемотехника әдісі:*** *«Балабақша»*<br>***Дидактикалық ойын: «Балабақша қызметкерлерін тауып айт»***<br>***Шарты:*** *Көп суреттің ішінен балабақша қызметкерлерін табуы керек.*<br>***Сергіту сәті:***<br>***Бір қадам әдісі.***<br>***Тақпақты қайталау.***<br>*Балабақша есігін,*<br>*Үшке толып ашқанбыз.*<br>*Мәпелейді бақшамыз,*<br>*Бұл екінші үйіміз.*<br>*Бір туғанбыз бәріміз,* | *қызыл телпек суреті, АКТ, балабақша менмотехника, балабақша қызметкерлер суреті.,* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Біз осы үйдің гүліміз,*<br>*Біз осы үйдің сəніміз.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>*Қызыл телпек балаларды мадақтап қоштасады.*<br>***3 шапалақ əдісі арқылы қорытындылау.***<br>***Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-əрекет циклограммасы***

*Іс-əрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Менің достарым»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға жəне түсінуге үйрету.* | |
| ***Күтілетін нəтиже:*** | *Достық туралы түсініктерді меңгереді, қойылған сұрақтарға жауап береді.*<br>*Кейбір балалар жеке жұмысты қажет етеді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Менің достарым - мои друзья, дос – друг.*<br>***Пікір алмасу сұрақтары:*** | |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Балалар, үлгілі деп қандай баланы айтамыз?*<br>*– Біздің арамызда үлгілі, достарын сыйлайтын бала бар ма?*<br>*– Кімнің үлгілі бала болғысы келеді?*<br>*– Ол үшін не істеу керек?* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Балабақша туралы сұрақтарға көпшілік балалар жауап береді.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Армысың шұғылалы нұрлы күн!*<br>*Армысың мейірімді жер – ана!*<br>*Сәлеметсіздер ме қонақтар.*<br>*Бәріміз күндей жарқырайық!*<br>*Бәріміз тату – тәтті болайық!*<br>*– Балалар қазір жылдын қай мезгілі?*<br>*- Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?*<br>***Мнемотехника әдісі:***<br>*«Күз мезгілі»* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Тосын сәт:***<br>***Білмеспек келеді.***<br>***Дымбілмес:*** *Менімен ешкім сөйлеспейді, ойнамайды, ешкім дос болмайды. (Дымбілмес жылайды).*<br>***Сұрақтар ілмегі:***<br>*Балалар қалай ойлайсыңдар. -Дымбілмеспен неге ешкім дос болмайды?*<br>*- Сендердің достарың бар ма?*<br>*– Достық дегенді қалай түсінесіңдер?*<br>*-Достар қандай болу керек?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Балалар байқадыңдар ма білмеспек амандасты ма сендермен?*<br>***Ойын: «Сәлемдесу»*** | ***мнемотехника, білмеспек суреті, дос туралы суреттер,доп*** |

| | | |
|---|---|---|
| | *Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді.*<br>***Суретпен жұмыс:***<br>*Балалар мына тақтадағы суреттерге қарандаршы?*<br>*Қәне балаларға ат қояйық.*<br>*Балалар суретке қарап достар туралы әңгімелеп береді.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Досым, досым жан досым,*<br>*Неге сонша шаршадың.*<br>*Кане ұста қолымнан,*<br>*Секір, секір, секірші,*<br>*Бір серігіп аларсың!*<br>***Ыстық орындық әдісі:***<br>*Бір балаға орындыққа отырады. Сол балаға дос туралы сұрақтар қояды.*<br>*– Сенің досың кім?*<br>*– Сен кіммен дос болғың келеді?* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***«Көңілді доп» ойыны*** *арқылы сұрақтарды қоя отырып оқу қызметін қорытындылау.*<br>***Оқу қызметіне белсене  қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызшамен мадақтау, мақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Табиғат - біздің досымыз»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балаларға табиғат, тіршілік, коршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншіліκпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Балалар табиғатты қорғау, оны күтіп баптау, таза ұстау туралы түсінеді.*<br>*Табиғатпен адамның арасындағы байланысты біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Менің достарым- мои друзья, дос –друг.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Балабақша туралы сұрақтарға көпшілік балалар жауап береді.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***«Табиғат ана» Н. Жанаев.***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.*<br>***І.Қызығушылықты ояту:***<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Бір жерінде ыстық, Бір жерінде суық*<br>*Бір жерінде күн, Бір жерінде түн*<br>*Керемет алып неткен.* ***(Жер шары)*** | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Тыныштық сәті:*** *Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.*<br>***Сұрақ-жауап:***<br>*Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар?.*<br>*Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Табиғат нешеге бөлінеді? Атау.*<br>***II.Ой дамыту:***<br>*тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысын түсіндіру.*<br>***1-аялдама Су***<br>*Сылдырап ағып жатқан не ?*<br>*-Дұрыс бұл су.*<br>*-Ал судың қандай пайдасы бар?*<br>*Су өлі табиғатқа жатады,ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп .Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысы бар ма?*<br>***Сергіту сәті:***<br>***2-аялдама . Жұмбақ жасыру***<br>*Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің*<br>*Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің?*<br>*Ол не ?**(АУА)***<br>*- Ауа не үшін керек?*<br>*- Ауаның түсі қандай?*<br>*- Қолмен ұстауға болама, оны көреміз бе*<br>*Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады.*<br>***1-тәжірбие:** Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді.*<br>***2-тәжірбие:** Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.*<br>*- ауасыз тыныс алуға бола ма?* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>*От та, суда, ауа да,*<br>*Жан-жануар барлығы.*<br>*Орман теңіз тауларда,*<br>*Табиғаттың байлығы.*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Ойыншықтар әлемі»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД  «Зайки-Всезнайки»  тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *ойыншықты сипаттауды, ойыншық туралы түсінікті  біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Ойыншық –игрушка.*<br>***Сөздік жұмыс:*** *Резеңке, пласмасса, ағаш.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Көпшілік  балалар достық туралы  қазақша сұрақтарға  жауап береді.* | |
| ***ҰІӘ  өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Жабырқауды білмейміз,*<br>*Жалқаулықты сүймейміз.*<br>*Біз талантты жас ұлан,*<br>*Үлгі аламыз жақсыдан.*<br>***Миға шабуыл:***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*1. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма?* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді?* ***(Ыдыс-аяқ)***<br>*2. Аяғы бар жүрмейді Ауызы бар күлмейді, Айнымайды бөпемнен,*<br>*Тек сөйлеуді білмейді.* ***(Қуыршақ)***<br>*2. Суға салсаң батпайды, Ыршып жерге жатпайды.* ***(Доп)***<br>***Сұрақтар ілмегі:***<br>*Балалар, қуыршақ, доп, ыдыс-аяқ бір сөзбен қалай атауға болады? (Ойыншық).*<br>*-Не үшін керек бұл заттар?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Тосын сәт:***<br>***Айгүл қуыршақ келеді.***<br>*Балалардан ойыншықтар туралы оның неден,қалай жасалатынын білгісі келетіні айтады.*<br>***Ойыншықтар арқылы топқа бөлу:***<br>***1-топ: «Жұмсақ ойыншықтар»***<br>***2- топ: «Пластмасса ойыншықтар»***<br>***3- топ: «Резеңке ойыншықтар»***<br>***3- топқа тапсырма:*** *Шығармашылық орталығында жұмыс жасау.*<br>***1-топ:*** *Ермексаздан доп жасау.*<br>***2- топ:*** *Бояумен аю ойыншығын бояу.*<br>***3- топ:*** *Суреттегі жұмсақ ойыншықтарды қиып жапсыру.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>***Мадақтау.***<br>***Сергіту сәті:***<br>*Сағаттың тіліндей иіліп, солға бір,*<br>*Сағаттың тіліндей иіліп, оңға бір.*<br>*Оң аяқ, сол аяқ – жаттығу оңай-ақ.*<br>*Оңға, оңға түзу тұр,*<br>*Солға, солға түзу тұр,*<br>*Алға қарай бір адым,*<br>*Артқа қарай бір адым,*<br>*Жоғары төмен қарайық,*<br>*Орнымызды табайық,* | *әртүрлі материалдан жасалған ойыншық түрлері, ыдыстар* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Алақанды ұрайық.*<br>***Топтық жұмыс:***<br>***Мнемотехника әдісі. Ойыншықтарды сипаттау.***<br>*Әр топ балалары өздерінің қолындағы ойыншықтарды сипаттап айтып береді.*<br><br> | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>*Айгүл қуыршақ балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>***Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Менің ойыншықтарым»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *-Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру.*<br>*-Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір - бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету.*<br>*-Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Ойыншықты сипаттауды, ойыншық туралы түсінікті біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Ойыншық –игрушка.*<br>***Сөздік жұмыс:*** *Резеңке, пласмасса, ағаш.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған*** | *Көпшілік балалар достық туралы қазақша сұрақтарға жауап береді.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***білім*** | | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Балдырған баламыз,*<br>*Қашан да, қайда да,*<br>*Сенімді біз боламыз.*<br>*Себебі біз достармыз!*<br>***Ой дамыту:***<br>***Әңгіме жүргізу:*** *Балалар, қараңдаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар!*<br>*- Балалар ойыншықтар-ды бірнеше түрге бөлеміз: қатты, жұмсақ, резеңке. Қатты ойыншықтарға машина, ұшақ, пойыз, ал, жұмсақ ойыншықтарға: аю, қоян, түлкі жатады. Резеңке ойыншықтардың жұмсағыда қаттысы да болады.* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ғажайып сәт:***<br>*Есік қағылады. Топқа бауырсақ кіреді.*<br>*Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен атам мен апамнан ойнап жүріп адасып қалдым, сендерден көмек сұрап келдім.*<br>*- Балалар, бауырсақ ертегісін білесіңдер ме?*<br>*- Бауырсаққа кімдер кездеседі?*<br>*Сендер бауырсаққа көмектесу үшін осы кейіпкерлердің әр түрлі тапсырмалары бар екен. Сол тапсырмаларды орындасаңдар ғана бауырсақ атасымен апасын таба алады.*<br>***Ой қозғау:***<br>*Бауырсаққа бірінші не кездеседі.*<br>***1. Қоян.***<br>*Қоянның тапсырмасы. «Ойыншықтарды сипаттап, түстерін пішіндерін айтып бер»*<br>***Сергіту сәті:***<br>***2. Қасқар: Ойын: «Кім жылдам»Шарты:*** *Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек.*<br>***3. Аю:*** *Ойыншық туралы тақпақ айтыңдар.*<br>*Іші толы бөлменің,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Ойыншығым мол менің.*<br>*Босқа тізіп қоймайық,*<br>*Келе ғой, дос, ойнайық.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*………минут* | ***Қортынды сұрақ-жауап:***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | |
|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Жиһаздар»*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балаларға жиһаздар қалай,қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру.*<br>*Жиһаздарды күтіп-баптап ұстауға,ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Жиһаздар туралы түсініп ойындарды орындау барысында жиһаздардың орнын анықтай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Жиһаз – мебель.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен ҰІӘ өойылған сұрақтарға педагогтың көмегімен жауап бере алады.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Біздің топта ұл-қыздар,*<br>*Тату-тәтті ойнаймыз.*<br>*Әлемдегі бар адамға,*<br>*Тек жақсылық тілейміз.*<br>***Миға шабуыл:***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Төрт аяғы болса да,*<br>*Етік киіп көрмеген. Жалқаулығы соншама,*<br>*Аттап шықпас бөлмеден.* ***(үстел)***<br>*Мен жәйлімін, жұмсақпын,*<br>*Мені табу қиын емес-*<br>*Ұнатады әжелер мен сәбилер,*<br>*Отыруға, жатуға.* ***(Диван)***<br>*Кеш батты, шаршадың сен, ұйқың келді*<br>*Ұйқы бөлмеде күтіп тұр сені …* ***(Кереует)***<br>*-Жиһазды қалай күту керек?* | *Жиһаздар суреттері* |
| ***ІV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*………минут* | ***Қорытынды:***<br>***«Не артық?» ойын*** *арқылы қорытындылау.*<br>*Жарайсыңдар балалар! Сендерді бүгін мен смайлик арқылы бағалаймын.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Үй жиһаздары»*** | | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек*** | | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** | |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Жиһаздар туралы түсініп ойындарды орындау барысында жиһаздардың орнын анықтай алады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Жиһаз – мебель.* | | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен ҰІӘ қойылған сұрақтарға педагогтың көмегімен жауап бере алады.* | | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** | |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І. Шаттық шеңбері:***<br>***Тәрбиеші:*** *Мен бүгін балабақшаға келе жатып сандық тауып алдым. Бұл сандықта бірдеме бар секілді. Сандық құлыптаулы тұр.Жұмбақтың шешуін тапсаңдар ашылады делінген.*<br>***ІІ.Миға шабуыл:***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Үйге қажет бәріде,*<br>*Киім іліп қойғанға*<br>*Шкаф қажет әрине,*<br>*Тамақтарды қоятын,*<br>*Үстел керек әрине,*<br>*Үстелге кеп отыратын,*<br>*Орындық қажет әрине.*<br>*Бұларды біз бір сөзбен не деп айтар едік. (Жиһаздар)* | | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Музыка әуенімен сандық ашылады. Сандықтың ішінен ойыншық жиһаздар шығады.***<br>***ІІІ. Тосын сәт:***<br>*Қонжықтың келуі. Амандасу.* | *Жиһаздар суреттері* | |

| | | |
|---|---|---|
| *.......минут* | *Қонжық: бөлмелеріме жиһазадар іздеп жүрмін.  Сендерден көмек сұрап келдім.*<br>*Қонжыққа көмек.*<br>*Сиқырлы сандықтан шыққан жиһаздарды қонжыққа  түсіндіріп бөліп беру.*<br>***Балаларды топқа бөлу:***<br>***1-топ. Ас үйдің жиһазын  жинау.***<br>*Үстел, орындық, ыдыс сөресі.*<br>***2-топ. Жатын бөлменің жиһазын жинау****. шкаф, төсек, т/б*<br>***3-топ. Қонақ бөлменің жиһазын жинау.****Теледидар, диван, кресло.*<br>*Қонжық  сенің үйінде осындай жиһаздар болу  керек,*<br>*Қонжық рақмет балалр мен үйіме барып жиһаздарымды осылай қоямын.сау болыңдар.*<br>***IV.Ой қозғау:***<br>*-Жиһаздарды қайдан аламыз.*<br>*-Жиһаздарды кім жасайды?*<br>*-Жиһаздар неден жасалады?* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды:***<br>***Мнемотехника тәсілімен жиһаздарды сипаттау.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | | ***«Бір үйде біз нешеуміз?»*** | |
| ***Күні:*** | | ***Қазан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету,тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Отбасы мүшелерінің алатын орнын, оларды атауды біледі.*<br>*Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Отбасы – семья.* | | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап арқылы өткен ҰІӘ бекіту.* | | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Ә.Қонарбаевтың «Бала, бала, балақан» әні*** *орындалады.*<br>*Балалар шаттық шеңберінде өлеңді қайталап, оның мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыспен жасайды.*<br>***Әңгіме жүргізу:***<br>*-Балалар, біздің шаттық шеңберіміз неге ұқсайды?* | | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Балалардың жауаптары.* | |
| ***ҮІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Қызығушылықтарын ояту:***<br>*Айгүл қуыршақ келеді.*<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Тапсырма әкеледі.*<br>***1-тапсырма:***<br>*АКТ технологиясы.*<br>*Кімді көріп тұрсың?» ойыны. Балаларға экраннан отбасы мүшелерінен кімді көріп тұрғандарын айтады*<br>***2- тапсырма:***<br>***Ыстық орындық.***<br>*«Мен отбасымды жақсы көремін....» деп әр бала өз отбасы туралы айтады.*<br>***3-тапсырма:***<br>***«Бір үйде біз нешеуміз?» (А.Сопыбеков)өлеңін*** *оқып беру.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел, санайық  екеуіміз.*<br>*Бас бармақ – әкем,*<br>*Балаң үйрек – шешем,*<br>*Ортан терек – ағам.*<br>*Шылдыр шүмек – мен,*<br>*Кішкентай  бөбек – сен.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Бір үйде біз бесеуміз.*<br><br><br>***Ойын: «Қай зат кімдікі»***<br>*(сөздік ойын, мұнда балалар әжесіне, атасына, анасына, әкесіне, ағасына, апасына, әпкесіне тиісті үш затты атауы керек)* | *қуыршақ, отбасы суреті,отбасына керек суреттер* |

| | | |
|---|---|---|
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия*** *.........минут* | ***Қорытынды:*** *Айгүл балаларға риза болып,көңілді смайлктер беріп қоштасады.* ***Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***
*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме)»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қазан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Отбасы мүшелерінің алатын орнын, оларды атауды біледі.* <br> *Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Отбасы – семья.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған*** | *Сұрақ-жауап арқылы өткен ҰІӘ бекіту.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***білім*** | | |
| | ***ҰІӘ  өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Е. Өтетілеуұлы.***<br>*Бақшамызға барғанда,*<br>*Жолыққан бар жандарға,*<br>*«Қайырлы таң!»- деймін мен.*<br>*Күндіз де елді елеймін:*<br>*«Қайырлы күн!»- тілеймін.*<br>***Қызығушылықтарын ояту:***<br>***Үнтаспадан** «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдату.*<br>***Ашық сұрақтар:***<br>*Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады?*<br>*-Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз?*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Суретпен жұмыс:***<br>*«Отбасы.»*<br>***Кубизм әдісі:***<br>*Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді.*<br>***Ойын: «Кім екенін тап?»** Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Басқа балалар шешуін табады.*<br>***Мысалы:***<br>*Анасы кір жуып жатыр.*<br>*Әкесі отын жарып жатыр.*<br>*Шығармашылық орталығындағы жұмыс.*<br>***Топқа бөлу:***<br>***1-топ:** Өзіне ұнаған суретті ірікпен алып,*<br>*«Мен және менің жақындарым» тақырыбында коллаж құрастыру.*<br>***2- топ:**  Өзің тұратын үйіңнің суретін салу.* | *Отбасы суреті,кубик, желім,қайшы, түрлі түсті карандаштар.* |

| | | |
|---|---|---|
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>*Балаларға сұрақтар қояды.*<br>*– Бүгін не үйрендік?*<br>***Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.***<br>*Ұйымдастырылған іс әрекетке белсене  қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

Іс-әрекет түрі: ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Жолда жүру ережесін сақтайық»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қазан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол )туралы түсінік беру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Көліктер, бағдаршам туралы түсініктерді игереді.*<br>*Сұрақтарға жауап береді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Бағдаршам – Светофор.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен ҰІӘ алған білімдерін сұрақ-жауап арқылы бекіту.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Е.Өтетілеуов.***<br>*Бақшамызға барғанда,*<br>*Жолыққан бар жандарға*<br>*Ертемен ақ пейілмен*<br>***Қызығушылықтарын ояту:***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*«Қайырлы таң!» деймін мен*<br>*Қызыл көзін ашқанда,*<br>*Сынық сүйем баспа алға.*<br>*Сары көзін ашқанда,*<br>*Қарап қалма аспанға.*<br>*Жасыл көзін ашқанда,*<br>*Жүре бергің жасқанба.*<br>*Не екен ол балалар?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша*** | ***Ой қозғау:***<br>*Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?* | *бағдаршам суреті,* |

| | | |
|---|---|---|
| ***жұмыс***<br>*.......минут* | *-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?*<br>*-Бағдаршамның көздерінің қызметін айтып беріңдерші.*<br>*Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз?*<br>*Сендер таңертең балабақшаға келгенде немесе ата-аналарыңмен қыдырып жүргенде қандай жолмен жүресіңдер?*<br>*-Неліктен жол жиегіндегі жолмен жүреміз?*<br>*Балалардың жауаптары*<br>***Мадақтау.***<br>***Смайлик беру.***<br>***Ой дамыту:***<br>*Бағдаршам, жол жиегі туралы түсінік беру.*<br>*Суретпен жұмыс.*<br>***Ойын : « Жүргізуші мен жаяу адам ».***<br>*Ойын шарты: жүргізушілер мен жаяу адамдар жолдағы ережелерге мұқият қарап орындаулар қажет.*<br>***Сергіту сәті:***<br>***«Бағдаршам» ойыны.***<br>***Шарты:*** *Балалар дөңгелене тұрады қызыл түсті көтергенде –балалар бір адым артқа жылжиды. Сары түсті көтергенде қол шапалақтайды, жасыл түсті көтергенде орнында тұрып жүреді.* | *қызыл,сары,жасыл дөңгелек пішіндер* |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***«Болады, болмайды» дидактикалық ойыны*** *ойнатылып, балалардың тақырыпты меңгергенін анықтау.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

<table>
<tr><td>ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="3">«Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай.»</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="3">Қазан</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">МАД  «Зайки-Всезнайки» тобы</td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Өлеңді түсініп, есте сақтауға , мағынасын ашып түсіндіру. Өлең жолдарының бір шумағын жаттату.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Өлең жолдарын жаттауға үйренеді.<br>Педагогпен қосылып айта біледі.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Сөздік жұмыс: көше, жол, жүреді, бағдаршам.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Өткен ҰІӘ  алған білімдерін сұрақ-жауап арқылы бекіту.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ  өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Шаттық шеңбері:<br>«Кел,балалар күлейік»<br>Ө.Тұрманжанов.<br>Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.  Көңілді болып жүрейік!<br>Миға шабуыл:<br>Жұмбақ жасыру.<br>Үш көзі бар қаз-қатар,<br>Кезек-кезек ашады.<br>Үшеуінен байқасам,</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | *Үш түсті нұр шашады.*<br>***(бағдаршам)***<br>***Сұрақ жауап:*** | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ой қозғау:***<br>*-Бағдаршам дегеніміз не?*<br>*Ол қандай қызмет атқарады?*<br>*Балалар бағдаршамның неше көзі бар ?*<br>*-Түстері қандай ?*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технологиясы:***<br>*Экраннан бағдаршам туралы бейнеролик көрсету, түсіндіру.*<br>***«Бағдаршам»өлеңін жаттау.***<br>*Менің атым-бағдаршам*<br>*Кеудем толы жанған шам*<br>*Қызыл көзім жанғанда*<br>*Сақ болыңдар тоқтаңдар!*<br>*Сары көзім жанғанда*<br>*Сабырлылық сақтаңдар!*<br>*Жасыл шамды көрсеңіз*<br>*Бола береді өтсеңіз!*<br>***Бір адым әдісі*** *арқылы тақпақты  жаттау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тік ұста бойыңды,*<br>*Жоғары соз қолыңды.*<br>*Соз қолыңды тағы да,*<br>*Жеткіз жираф мойына.*<br>***Қимылды ойын: «Бағдаршам»***<br>*Балалар бағдаршамның қызыл түсі көрсеткенде тұрамыз,сары түсін көрсеткенде қол шапалақтаймыз,жасыл түсін көрсеткенде жүреміз.* | *Бағдаршам суреті.*<br>*АҚТтехнологиясы* |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия*** <br>*.........минут* | ***Қорытынды:*** <br>*Біз бүгін сендермен не жайлы әңімелестік? Қандай өлеңді жаттадық?* <br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Менің көшем»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қазан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорын дамыту.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Өзінің көшесі туралы түсініктерді игереді.* <br>*Сұрақтарға жауап береді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *көше,* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен ҰІӘ қойылған сұрақтарға жауап бере алады.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Ал,қанекеи тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық,*<br>*Жақсы-жақсы сөздерді*<br>*Бір-бірімізге сыйлайық.*<br>*Балалар шаттық шеңберін құрып,бір-біріне тілектер айтады.*<br>*Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.*<br>***Қызығушылықтарын ояту:***<br>***Тосын сәт:***<br>*Айгүл келеді.*<br>*Адасып кеткенін айтады.* | |
| ***ҮІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ой қозғау:***<br>*-Балалар Айгүлге қалай көмектесеміз?*<br>*-Сендер өз көшелеріңді білесіңдер ма?*<br>***Сиқырлы микрафон***<br>*Микрафонды ұстаған бала өз көшесін,отбасыда кімдер бар екенін айтып береді.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар Айгүл көшесін есіне түсіру  бейнетаспадан  ауылымыз көрсетейік.*<br>***АКТ:*** *«Біздің ауыл»*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Көше бойымен келеміз,*<br>*Оң жакты да, сол жақты да көреміз.*<br>*Автобекет, дүкендер,*<br>*Мұражай мен әуежай.*<br>*Барлық үйлер сәулетті*<br>*Біздің ауыл көрікті.*<br>*Айгүл өз көшесін есіне түсіріп балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*Сұрақ –жауап*<br>*Көшеде адасып кетпес үшін не істеуіміз керек?*<br>*Адасып кеткен жағдайда не істеу керек?* | *қуыршақ, микрафон* |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия*** <br>*.........минут* | ***Қорытынды:*** <br>*Сұрақтар ілмегі әдісі арқылы аяқтау.* <br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="3">«Көшеде өзін ұстау»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="3">Қазан</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">МАД «Зайки-Всезнайки» тобы</td><td colspan="2">Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="4">Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.Қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="4">Өзін көшеде ұстау туралы түсініктерді игереді.<br>Сұрақтарға жауап береді.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="4">Сөздік жұмыс: жанғанда, тоқтаймыз.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="4">Өткен ҰІӘ қойылған сұрақтарға жауап бере алады.</td></tr>
<tr><td colspan="5">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="3">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="3">Шаттық шеңбері:<br>Қуан шаттан алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң, балалар,<br>Қайырлы таң, апайлар!<br>2. Миға шабуыл:<br>Жұмбақ жасыру.<br>Сөйлеуді ол білмейді.<br>Бірақ тоқта жүр дейді.<br>Бұл не екен балалар?<br>Балалардың жауаптары.<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?<br>-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?<br>-Бағдаршамның көздеріні қызметін айтып беріңізші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз?<br>Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы туралы біледі екенсіңдер, енді жол белгілері туралы әңгімелесеміз.</td><td>Миға шабул,сұрақ-жауап,суретпен жұмыс,сергіту сәті.</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>…….минут</td><td colspan="3">Ой дамыту:<br>Суретпен жұмыс.<br>Көліктер қайда жүр?</td><td>АКТ, бағдаршама, бояу,қиылған жол белгілері</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | *Жолда қалай жүру керек?*<br>*Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді?*<br>*- Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?*<br>*-Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау ненің суреті?*<br>*-Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені білдіреді?*<br>*-Мынау медициналық көмек пунктінің белгісі. Автобусттың суреті салынған белгіні көрсеңдер, ол «автобус тоқтайтын аялдама бар» дегенді білдіреді екен.Балаларға жол белгілері, жол қиылысы, көлік жолы, жаяу жүргіншілер жолы туралы ақпарат беру*<br>***4. Бағдаршам ойыны: Ойын: «Сақ бол!»***<br>*Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру)*<br>*Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)*<br>*Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).*<br>*Балалар ойынды қызыға ойнады.*<br>***5. Сұрақ- жауап алу:***<br>*Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?*<br>*-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***6.Сергіту сәті:***<br>*Мәшине жүргізу.*<br>***7. Балаларды пішіндер арқылы екі орталыққа бөлу.***<br>***1- орталықтағы балаларға** өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.*<br>***2- орталықтағы балаларға** бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.*<br>*Балаларға тапсырманы түсіндіреді.*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |
| ***ІV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***Бес саусақ әдісі арқылы сабақты қортындылау.*** | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгімелеу)*** | |
| ***Күні:*** | ***Қазан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.Табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Күз мезгілі туралы қойған сұрақтарға жауап бере біледі*<br>*Күз мезгілінің ерекшеліктерін педагогтың көмегімен айта біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Күз – осень, сары жапырақ - желтый лист.*<br>***Сөздік жұмыс****: жапырақ, сары, түсіп жатыр.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *ҰІӘ өтілген сұрақтарға біртіндеп жауап бере алады.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Тілек шоғы.***<br>*Балалар гүл арқылы бір-біріне тілек тілейді.*<br>***Миға шабуыл:***<br>***Жұмбақ жасыру****.*<br>*Жауып жаңбыр,жер сабыр*<br>*Шөп, жапырақ солады.*<br>*Бұл қай кезде болады ?* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Сұрақ жауап.*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі ?*<br>*-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?*<br>*-Күз мезгілінде бау- бақшада нелер піседі?* | |
| ***ҮІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ой қозғау:***<br>***Суретпен жұмыс. «Күзгі табиғат»***<br>***Мнемотехника әдісі*** *бойынша әңгіме құрап, әңгімеге ат қою.*<br>*Сұрақ – жауап арқылы балалардың сөздік қорын, тілін жаттықтыру.*<br>***Ой дамыту:***<br>*Күз мезгілін бейне таспадан көрсету.*<br>*Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>*- Неліктен алтын, жомарт күз дейміз?*<br>*- Күз мезгілінде бау-бақшада не піседі?*<br>*Күзгі орманға саяхат. Күзгі орманды тамашалайды.*<br>***Дидактикалық ойын: «Жапырақтың түсі қандай?»***<br>***Міндеті:*** *Балалар жинаған жапырақтарын ажыратады. (түсін, пішінін айтады)*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп – кішкентай ағаштар*<br>*Біп – биік боп өседі.*<br>*“**Күз белгісі неде? (Ойын)***<br>*Күзде жапырақтар… (сарғаяды)*<br>*Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)*<br>*Күзде құстар…(жылы жаққа ұшада)*<br>*Күзде түн…(ұзарады) Күн…(қысқарады)*<br>*Күзде жеміс-жидек… (піседі)*<br>*Күзде жазғы демалыс бітіп… (оқу басталады)*<br>***Балаларды мадақтау***<br>***Балабақшаға оралу.*** | *күз мезгілінің суреттері, әр түрлі жапырақтар,АКТ* |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия*** *.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***«Біз не білдік?» ойыны*** *арқылы аяқтау.*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Жемістер»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қазан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсіндіре отырып, балалардың жемістер және олардың адам ағзасына пайдасы туралы білімдерін бекіту.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Күз мезгілі туралы қойған сұрақтарға жауап бере біледі*<br>*Күз мезгілінің ерекшеліктерін педагогтың көмегімен айта біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Күз – осень, сары жапырақ - желтый лист.*<br>***Сөздік жұмыс:*** *Жапырақ, сары, түсіп жатыр.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *ҰІӘ өтілген сұрақтарға біртіндеп жауап бере алады.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |

| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***1.Шаттық шеңбері:***<br>*Қуан, шаттан алақай!*<br>*Қуанатын күн туды,*<br>*Қайырлы таң!*<br>*Қайырлы күн!*<br>***2.Миға шабуыл:***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Жауып жаңбыр,жер сабыр*<br>*Шөп, жапырақ солады.*<br>*Бұл қай кезде болады ?*<br>***Сұрақ жауап:***<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі ?*<br>*-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?*<br>*-Күз мезгілінде бау- бақшада нелер піседі?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***3.Ой дамыту:***<br>***Суретпен жұмыс. Мнемотехника. «Күзгі табиғат»***<br>*Күз мезгілі туралы түсінік беру.*<br>*-Күз мезгіліндегі еңбек туралы әңгімелеу.*<br>***Сұрақ –жауап:***<br>*–Неліктен берекелі күз дейміз?*<br>*Жемістер туралы түсінік беру.*<br>*-Жемістер қайда өседі?*<br>*-Жемістерге нелер жатады?*<br>*–Жемістердің бізге қандай пайдасы бар?*<br>***Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?»*** *Жемістер мен көкөністерді топтау.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***Жемістер туралы тақпақтар жаттау:***<br>***1-топ: «Алма»***<br>*Мен алмамын, алмамын,* | *күз мезгілінің суреттері, әр түрлі жапырақтар,АКТ* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Таңдай тұшар бал дәмін*<br>*Дастарқанға көрік беріп,*<br>*Келтіремін бар сәнін.*<br>***2-топ: «Өрік»***<br>*Мен өрікпін, өрікпін,*<br>*Табиғатқа көрікпін.*<br>*Сүйіктімін сәбилерге.*<br>*Айтпасам да бөліп тым.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Жаңбыр жауып басылды* ***(партаны тырсылдатады)***<br>*Күннің көзі ашылды. (қолымен көрсетеді)*<br>*Көкжиекке көрікті,*<br>*Кемпірқосақ асылды .* ***(қолымен дөңес сызық көрсету)*** | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Мен өзім туралы не білемін?»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балаларға адамның дене мүшелерін атауға үйрету (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар).* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Денсаулық, шынығу, сақтану туралы түсініктерді меңгереді.*<br>*Педагогтың көмегімен өз ойын айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Шынығу, құлақ, көз, аяқ, дене мүшелер.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Педагогтың көмегімен өткен сабақтарды есіне түсіріп айта алады.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Үлкенге де сіз,*<br>*Кішіге де сіз,*<br>*Барша жанды құрметтеп*<br>*Бас иеміз біз.*<br>***Сұрақ –жауап.*** | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІ. Қызығушылықты ояту:***<br>***Телефон шырылдау.***<br>*Хабарлама келу.*<br>*-Ия балалар дәрігерден келген екен*<br>*Тәрбиеші хабарламаны оқиды.*<br>*Саламатсыздарма балалар!*<br>*Балалар өз дене мүшелеріңді білесіңдерме?*<br>*Қане бәріміз бірге айтып көрейікші (Бас, мойын, қол, кеуде, аяқ)*<br>***Қ .Мырза Әли.***<br>*-Екі көзің не үшін керек?*<br>*- Жақсыларды көру үшін!*<br>*- Екі қолың не үшін керек?*<br>*- Елге көмек беру үшін!*<br>*- Құлақ деген не үшін керек?*<br>*- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!*<br>*-Тіл мен жағың не үшін керек?*<br>*- Ақиқатты айту үшін!*<br>*- Ал аяғың?..* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *- Шетте жүрсем,*<br>*Туған жерге қайту үшін!*<br>*Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру.*<br>***Дидадактикалақ ойын: «Адам денесін құрастыр»***<br>*Біздің дұрыс өсуімізге күн, ауа, және су керек екен.*<br>*Табиғатты және өзімізді қорғауымыз керек.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды:***<br>***Балаларды мадақтау.***<br>***Смайлктер беру.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Мен кіммін?»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД  «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігін нығайту,өзін құрметтеуге тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Денсаулық, шынығу, сақтану туралы түсініктерді меңгереді.*<br>*Педагогтың көмегімен өз ойын айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Шынығу, құлақ, көз, аяқ,  дене мүшелер* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Педагогтың көмегімен өткен сабақтарды  есіне түсіріп айта алады.* | |
| | ***ҰІӘ  өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Е. Өтетілеуұлы.***<br>*Бала,бала,баламыз*<br>*Бақшамызға барамыз*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамыз да қаламыз*<br>*Біз баламыз шыныққан,*<br>*Денсаулығы мықты жан.*<br>***Сұрақ- жауап.*** | |

| | | |
|---|---|---|
| ***ҮІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***2. Акт: Суретпен жұмыс.***<br>*-Екі баланы салыстыру.*<br>*-Өзін-өзі күту деген не?*<br>*-Тазалық таза баланың досы дегенді қалай түсінеміз?*<br>*-Сен қандайсың, өзіңе сипаттама бергенде неден бастаймыз?*<br>***Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап»***<br>*Қайсысы саған ұқсайды.*<br>*Балалардың қайсысы*<br>*жақсы деп ойлайсың?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Бас, иық ,тізе, саусақ,*<br>*Бас , иық,тізе, саусақ, (көрсету)*<br>*Саусақ,саусақ,саусақ.(саусақпен сартылдату)*<br>*Бас, иық ,тізе, саусақ,*<br>*Бас , иық,тізе, саусақ,*<br>*Көз ,мұрын ,көз , мұрын,*<br>*Құлақ, ерін, құлақ, ерін,*<br>*(Жылдамдатып тез тез қайталау)*<br>***Ойын:«Мен қандаймын?» жаттығуы.***<br>*-Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ.*<br>*Бәріміз доспыз десек тағы шапалақ.* | |
| ***IV. ҮІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>*Анау бала, бетін қара,*<br>*Кір қожалақ қап-қара.*<br>*Тырнағы өскен,шашы көптен,*<br>*Алынбапты –ау масқара.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сұрақ-жауап:***<br>*-Бұл қандай бала туралы айтылып тұр?*<br>*-Бұндай балдар не істеу керек?*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Дәрумендер әлеміне саяхат»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Дәрумендер олардың пайдасы туралы айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Дәрумен – витамин*<br>***Сөздік жұмыс:*** *дәрумен, жеміс, көкөніс, пайдалы* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен тақырыпты сқрақ –жауап арқылы бекіту.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Ұйымдастыру кезеңі:***<br>*-Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Күз мезгілінде неше ай бар?*<br>*-Кәне атап беріңдерші?*<br>*-Қазір күздің қай айы?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Қызығушылықтарын ояту:***<br>***Тосын сәт:***<br>***Айгүл қуыршақ келеді.*** *Балалардан көмек сұрайды.*<br>*-Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым,онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді,енді сендерден көмек сұрап келдім.Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің айтып беріңдерші?*<br>*-Балалар көмектесеміз бе?*<br>***АКТ технологиясы.***<br>***Слайд: «Суретпен жұмыс»***<br>*-Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар?*<br><br>*-Бір сөзбен айтқанда бұларды нелер дейміз?*<br>*-Ал,мына суретте не көріп тұрсыңдар?*<br><br>*-Оларды бір сөзбен айтқанда нелер дейміз?* | *қуыршақ,жемісте,көкөністер,себет суреті.* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Балалар біз дәрумендерді қайдан аламыз?*<br>***Ой дамыту:***<br>***Дәруменнің пайдасы** туралы түсінік беру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Көкөністі көп ектік (бір қатарға тұрып, егін егу қимылын көрсету)*<br>*Өссін, піссін – деп ектік (су құю, шөп жұлу қимылы)*<br>*Көктемде еккен көкөніс*<br>*Күзде берер көп өнім*<br>***Ойын :«Пайдалы және зиянды тағамдар»***<br>***Шарты:**Пайдалы тағамдарды себетке жинаймыз,ал денсаулығымызға кері әсерін тигізетін тағамдарды қоқыс шелегіне жинаймыз.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>*Рахмет, балалар! Сендер тапсырманың барлығын жақсы орындадыңдар.*<br>***Балаларды мадақтап,жұлдызшалар беру.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Дәрумендер – денсаулық кепілі»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Дәруменнің адам денсаулы-ғына маңыздылығын түсіндіру. Жемістер мен көкөністердің дәрумендерге бай екендігін, жеткізе білу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Дәрумендер олардың пайдасы туралы айта алады.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***Тілдік мақсат:*** | *Дәрумен – витамин.*<br>***Сөздік жұмыс:*** *дәрумен, жеміс, көкөніс, пайдалы.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен тақырыпты сқрақ –жауап арқылы бекіту.* | |
| | ***ҰІӘ  өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Е.Өтетілеуов.***<br>*Бақшамызға барғанда,*<br>*Жолыққан  бар жандарға*<br>*Ертемен ақ пейілмен*<br>*«Қайырлы таң!» деймін мен*<br>***ІІ. Таңғажайып сәт.***<br>***Салауат атайдан хат келу.хатты оқу***<br>*Қымбатты балалар сендер денсаулықтарың мықты болу үшін не істеу керек екенін білесіңдер ме?*<br>*Балалардың жауабы:*<br>*Шынығу керек?Жақсы тамақтану керек.*<br>*Дәрумендер жеу керек.* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ой дамыту:***<br>***Дәрумендерді топқа бөлу.***<br>***1-топ А және В дәрумені.***<br>*Біз  балықта, картопта, асбұршақта, сиыр етінде, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. Бұл В дәруменін жеп өскен баланың ішкі құрылыстары, жүйке жолдары, қан айналымдары күшейіп жақсы жүгіретін боласыздар.*<br>***2-топ С дәрумені.***<br>*Мен С дәруменімін. Мен орамжапырақта, алмада, лимонда, апельсинде, алмұртта боламын. Мені жеп өскен бала мықты, батыр болады. Ешқандай микробтар жоламайды. Балалар біз сендерге керекпіз. Денсаулықтарың мықты болып өсу үшін біздермен дос болыңдар.*<br>***3-топ Д дәрумені.*** | *қуыршақ,жемісте,көкөністер,себет суреті.* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Мен Д дәруменімін. Мен жұмыртқада, балықтың майында, сүт тағамдарында, яғни ірімшікте, қаймақта боламын. Мені жеп өскен баланың сүйегі мықты болады. Қалай иілсеңдер де сүйектерің мықты болып өседі.*<br>***Ой қозғау:***<br>*Дәрумендер неде болады? атау*<br>*-Дәрумендер не үшін керек екен?*<br>*Үйдегі күн тәртібіңді ата?*<br>*Таңертең жаттығу жасайсыңдар ма?*<br>*Жеміс- көкөністерді жуып жейсіңдер ма?*<br>*Осы кеңестері орындау қолымыздан келе ма?* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***Тақпақ оқу.***<br>*Денсаулық – ол шынықққан,*<br>*Барлық дене мүшесі*<br>*Денсаулық ол тынықққан,*<br>*Жүйке тамыр жүйесі.*<br>*Денсаулық ол күлуің,*<br>*Көңіл күйің жадырау*<br>*Денсаулық ол жүруің*<br>*Ешбір жерің ауырмау.*<br>*Балалармен бірге қайталау.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br>***Смайлктер беру.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Мен және табиғат»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД  «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Бір-біріне  көмектесу, сыйластық туралы  мағынаны түсінеді.*<br>*Ойын арқылы көмектесу сөзінінің мағынасын түсінеді* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *көмек, түсіну, қиындық.*<br>*Көмек – помощь.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Педагогтың көмегімен қойылған сұрақтарды жалғау арқылы өткен ҰІӘ өз ойын айта алады.* | |
| | ***ҰІӘ  өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Н. Жанаев. «Табиғат ана»***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІ.. Ғажайып сәт:***<br>***Ақ көгершін ұшып келеді.***<br>*Сәлеметсіз бе балалар?*<br>*Мені табиғат-ана жіберді. Балалар мен балапандарыма асығып  бара жатырмын сау болыңыздар!*<br>***2.1. Табиғат ананың хатын оқу.***<br>*Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар сендер «Өлі және тірі табиғатты» жайлы білесіңдер ме? Сендердің білімдеріңді тексергім келіп хат жолдадым,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *өзімде аз уақыттан соң барамын. Табиғат ананың тапсырмасын орындау*<br>***Ой дамыту:***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс.***<br>*- Балалар табиғат дегеніміз не?*<br>*- Табиғат нешеге бөлінеді?*<br>*Өлі және тірі табиғаттың бір-бірінен айырмашылығы неде?*<br>***4.Ой қозғау:***<br>***«Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»***<br>*- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу.*<br>*- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау.*<br>*- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту.*<br>*- Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?*<br>*- Құстарға қалай көмектесеміз?*<br>***5. Ширату.«Құм, тас, су».***<br>*«Құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру.*<br>*«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.*<br>*Су дегенде толқын жасап қалу.*<br>***6. Топқа Табиғат ана кіреді.***<br>***Топтық жұмыс:***<br>*Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу*<br>*Сендердің қамқорлықтар-ыңызды көріп риза болып тұрмын.Өте ақылды балалар екенсіңдер. Табиғатты өте жақсы көреді екенсіңдер .Мен сендерген сыйлық әкелдім.Ал ендеше мен өз табиғат әлеміне әрі қарай сапар шегейін сау болыңыздар.*<br>*Табиғат анамен қоштасу*<br>***Шапалақ әдісі.*** | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Қамқорлық» әңгіме М.Төрежанов.*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД  «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балаларды әңгіменің мазмұнымен таныстыру. Қиындық болған жағдайда көмектесу адамгершілік белгісі екенін түсіндіру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Бір-біріне  көмектесу, сыйластық туралы  мағынаны түсінеді.*<br>*Ойын арқылы көмектесу сөзінінің мағынасын түсінеді* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Көмек, түсіну, қиындық.*<br>*Көмек – помощь.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Педагогтың көмегімен қойылған сұрақтарды жалғау арқылы өткен ҰІӘ өз ойын айта алады.* | |
| ***ҰІӘ  өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Қайырымды жүрекпен,*<br>*Мейірімді тілекпен,*<br>*Ізгілікті ниетпен,*<br>*Қамқор бала болып өсеміз!*<br>***Сұрақ – жауап.*** | |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***«Ой шақыру» әдісі:***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Слайд суреттері арқылы әңгіме.*<br>*– Суретте не көріп тұрсыңдар?*<br>*-Суреттегі балаға ат қойыңдар.*<br>*-Қай баланың ісі сендерге ұнады?*<br>*– Осы суреттен не байқадыңдар?*<br>*-Қай балаға ұқсағың келеді?*<br>*-Не үшін ол балаға ұқсайсың?*<br>***Қызығушылықтарын ояту:***<br>***Тосын сәт:***<br>*Айсұлу қуыршақ келеді. Өзімен бірге кітап алып келгенін айтады.*<br>*Кітаптағы **М.Төрежановтың «Қамқорлық»** әңгімесін оқып, түсіндіру.*<br>***Ашық сұрақтар әдісі:***<br>*Әңгіме не туралы?*<br>*-Нақысбек қандай іс істеді?*<br>*-Оның істегені неге дұрыс деп ойлайсың- дар?*<br>*-Назымбек Нақысбекке неге көмектеспеді?*<br>*-Сендер олардың орныда болсаңдар не істер едіңдер?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Біз кішкентай баламыз,*<br>*Өніп өсіп толамыз.*<br>*Күнге қарай талпынып,*<br>*Көкке қолды созамыз.*<br>*Қанат қағып ұшамыз,*<br>*Қарлығаштай самғаймыз.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия*** | ***«Ыстық доп» әдісі арқылы қорытындылау:***<br>*«Кімнің іс-әрекеті саған ұнады?»*<br>*Айсұлу қуыршақ балаларды мадаақтап қоштасады.* | |

| | | |
|---|---|---|
| *.........минут* | | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Табиғаттағы еңбек»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Ауладағы ересектердің еңбегіне қызығушылықтарын дамыту. (Суреттер арқылы)* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Күштілік , ептілік , батырлық туралы түсінеді.*<br>*Қойылған сұрақтарға педагогтың түсіндіруімен жауап бере алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *күшті, кейіпкер, ертегі.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған*** | *Сұрақ –жауап әдісі.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***білім*** | | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***I.Шаттық шеңбері:***<br>*Ал,балалар келіңдер,*<br>*Бой жазайық бәріміз.*<br>*Мойнымызды бұрамыз,*<br>*Қолымызды созамыз,*<br>*Топ-топ басып аяқпен,*<br>*Орнымызға барамыз.* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***II. Ой дамыту:***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>***Слайд көрсету.*** *Күз мезгілінде күн суытып салқындайды, кейде жаңбыр жауады, жел соғады, жер балшық болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар жылы киіне бастайды, қысқа дайындалады.*<br>*Күзгі еңбек көрсетіледі, жемістер, көкөністер, егіс алқабы, күзгі серуен.*<br>***III. Қызығушылықты ояту. "Ғажайып күз бағына"Саяхат.***<br>*(топ төлмесінің екінші жағына үш түрлі алмалар дайындап қою)*<br>*- Міне "Ғажайып күз бағына" келдік. Мына алма ағашына қараңдаршы, өте көңілсіз сияқты. Неге көңілсіз тұрғанын сұрайық.*<br>*-Алма ағашы сен неге көңілсізсің?*<br>***Алма ағашы:*** *-Сәлеметсіңдер ме балалар!Менің ғажайып бағыма қош келдіңдер! Менің көңілсіз тұрған себебім, менің алмаларымның барлығы да пісті. Бірақ, оны теріп алатын ешкім жоқ.*<br>***Барлығы:*** *-Алма ағашы сен көңіліңді түсірме, қазір біз саған көмектесеміз.*<br>***Дидактикалық ойын: «Алма жинау».***<br>***Алма ағашы:*** *-Рахмет сендерге балалар!Мен жеңілдеп, көңіл-күйім көтеріліп қалды.Мен сендерге тапсырмалар беремін. Егер тапсырмамды жақсы орындасаңдар сендерге өзімнің сыйымды беремін.*<br>***Тапсырма: Еңбек туралы қандай тақпақтар білесіңдер.*** *(алдын ала дайындалған жұмыс)*<br>*Қырға шықсаң өрлеп,*<br>*Мұның аты - Еңбек.*<br>*Кесте тіксең зерлеп,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Мұның аты - Еңбек.*<br>*Гүл отырғызсаң терлеп,*<br>*Мұның аты - Еңбек.*<br>*Қиындықтың бәрін,*<br>*Еңбек қана жеңбек.*<br>***Саяхаттан қайту.*** | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*………минут* | ***Қорытынды:***<br>***Сұрақ –жауап.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Адам еңбегінің нәтижесі»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Ересектердің еңбегін ойын әрекет терінде көрсете отырып, ересектер мен бірге еңбек әрекеттерін орын дауға баулу.*<br>*Құрдастарына көмек беруге тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Күштілік , ептілік , батырлық туралы түсінеді.*<br>*Қойылған сұрақтарға педагогтың түсіндіруімен жауап бере алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *күшті, кейіпкер, ертегі.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ –жауап әдісі.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»***<br>*Бір шаңырақ астында,*<br>*Тату –тәтті тұрамыз.*<br>*Бірге ішеміз асты да,*<br>*Бірге сайран құрамыз.*<br>***Әңгіме жүргізу:***<br>*- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Күзде неше ай бар?*<br>*Кәне, барлығымыз атап айтайықшы?*<br>*-Қазір күз мезгілінің қай айы?*<br>*-Күзде адамдар не істейді?Сендер үйлеріңде ана-әкелеріңнің бақшада қандай жұмыстар жүргізеді?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Суретпен жұмыс:***<br>*-Балалар, суретте Асан ағамыз қандай жұмыс жүргізіп жатыр?*<br>*-дұрыс егіндерін жинап жатр. Қысқа жинап жатр.* | *тақырыпқа сай суреттер, ыдыстар* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Бейнефильм көрсету:*** *(бейнетаспадан адамдар дың күзгі тіршілігі,еңбегі туралы түсірілген бейнефильм көрсетіп, сұрақтар қояды).*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>***«Анама көмектесемін»*** *Қызар дастархан әзірлейді.*<br>***Ұлдармен әңгімелесу.***<br>*-Сендер әкелеріңізге қалай көмектесесіңдер?*<br>*-Ағаларыңызға қалай көмектесіңдер?*<br>***Ойын шарты:*** *егін егуге қажетті құрал жабыдықтарды көрстеу*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар, тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Біз тынығып алайық.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***Мақал:»****Еңбек етсең ерінбей*<br>*Тояды қарының тілінбей****»***<br>*Мағанасын түсіндіру.*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Менің Отаным Қазақстан»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Желтоқсан</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">МАД «Зайки-Всезнайки» тобы</td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Қазақстан кең-байтақ,бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Отанымыздың Астанасын атай алады. Отан туралы түсіне біледі</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Отан – Родина<br>Сөздік жұмыс: Отан, еліміз, қорғаймыз, міндетті.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Сұрақ-жауап арқылы өткен ҰІӘ жауап алу.</td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">Шаттық шеңбері:<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кеңге ашқан.<br>Тілегіміз әділдік,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Достық-өмір тірегі,<br>Әр адамның тілегі.<br>Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| ***ҮІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІ.Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Тосын сәт: Саяхатшы келеді.***<br>*Қазақстан елі туралы білгісі келетінін айтады.*<br>***ІІІ. Ой қозғау:***<br>***Сұрақ-жауап:***<br>*-Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз?*<br>*-Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?*<br>*-Қазақстан Республикасының бас қаласы қалай аталады?*<br>*-Ал, ауылымыз  қалай аталады?*<br>***АКТ технологиясы.Слайд.***<br>*Енді мына суреттер не көріп тұрысындар?*<br>*-Бұл кім?*<br>*-Мемлекеттік туда не бейнеленген?*<br>*-Елтанбамызда не бейнеленген?*<br>*-Ту мен елтанбаны көзбен көрдініз, ал әнұранды тұрып тындап айтайық.*<br>***Бейнетаспа қарау:***<br>*Астана қаласына саяхат жасайық.*<br>*Астананың көріктерін тамашалау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тік ұста бойынды,*<br>*Жоғары соз қолынды.*<br>*Соз қолынды тағыда,*<br>*Жеткіз, кәне аспанға*<br>***Сыйлық:***<br>*Саяхатшыға естелікке тудың суретін жасап берейік.*<br>***Шығармашылық орталықта жұмыс жасау:***<br>*Үлгі көрсету,түсіндіру.* | *Қазақстан Республикасының картасы,Астана туралы слайд,рәміздер президент-тің суреті.* |
| ***ІV. ҮІӘ-нің қорытындысы.*** | ***Қорытынды:***<br>*Саяхатшы балаларағa рахмет айтып қоштасады.* | |

| | | |
|---|---|---|
| ***Рефлексия*** *.........минут* | *Балаларға сұрақтар қою арқылы қорытындылау.* ***Мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Туған жер әңгіме»*** | |
| ***Күні:*** | ***Желтоқсан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Туған жер туралы әңгіме оқып беру. Шығарманың эмоционалды бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Отан туралы , туған жер, рәміздер туралы түсініктерді біледі.* *Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Тәуелсіз, мемлекет, рәміздер.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап әдіс-тәсілдер.* | |

| ҰІӘ өтілу барысы | | |
|---|---|---|
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І.Шаттық шеңбері:***<br>*Армысың асыл күн, армысың жан досым.*<br>*Жылуыма жылу қос, міне, менің қолым.*<br>***2.Ой қозғау:***<br>*Балаларды бір қатарға тұрғызып,қолдарын жүрек тұсына қойып, Қазақстан Республикасының Гимнін орындатамын.* | ***Әдіс-тәсілдері:*** *сұрақ-жауап,* |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Кіріспе әңгіме:***<br>*-Балалар,біз қай республикада тұрамыз?*<br>*-Рәміздерге не жатады?*<br>*-Бас қаламыз қай қала?*<br>*-Отан деген не?*<br>***3.Слайд:***<br>***1) Қазақстан*** *Республикасының картасымен таныстырамын.*<br>*2)Республикасының рәміздерімен таныстырамын.*<br>*3)Гимннің авторларымен таныстырамын.*<br>***Сөзін жазғандар:*** *Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев*<br>***Әнін жазған:*** *Шәмші Қалдаяқов*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Көтеріліп шаңырақ*<br>*Уақтары шаншылар,*<br>*Керегелері керіліп,*<br>*Өрімдей боп өріліер.*<br>*Бәріміз жүрсек айналып*<br>*Киіз үй болып керілер.*<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта».***<br>*-Бәйтерек ............ орналасқан.*<br>*-Менің Отаным.........*<br>*-Астанада әдемі ғимар........*<br>*-Мен Отанымды .............* | *Слайд.Қазақстан Республикасының картасы,рәміздердің суреттері,* |

| | | |
|---|---|---|
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.*** <br> ***Рефлексия*** <br> .........*минут* | ***Қорытындылау:*** <br> ***Сұрақ жауап арқылы аяқтау.*** <br> *Балалардың жұмысын ата-аналар бұрышына қою.* <br> ***Мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | |
|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Туған өлке» Ө.Тұрманжанов.*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***Күні:*** | ***Желтоқсан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Туған жерлерін сүюге тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Отан туралы , туған жер, рәміздер туралы түсініктерді біледі.*<br>*Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *тәуелсіз, мемлекет, рәміздер.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап әдіс-тәсілдер.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Үлкенге де сіз,*<br>*Кішіге де сіз.*<br>*Барша жанды құрметтеп,*<br>*Бас иеміз біз.* | ***Әдіс-тәсілдері:*** *сұрақ-жауап,* |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Суретпен жұмыс:***<br>*Тақтаға ауылдың таныс жерлері мен ғимараттардың суреттерін іліп,балалардың назарларын суретке аударып, сұрақтар қою.*<br>*-Мына суреттер сендерге таныс па?*<br>*-Біз тұратын ауыл қалай аталады?*<br>*Балалардың жауаптарын мұқият тыңдап толықтыру.*<br>***Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру:***<br>***«Туған өлке»***<br>*Көгінде күн нұрын төккен,*<br>*Жерінде гүл жұпар сепкен.*<br>*Неткен сұлу,неткен көркем,*<br>*Осы менің туған өлкем!*<br>***Ой қозғау:***<br>*-Балалар,өлең ұнады ма?*<br>*Не туралы жазылған?* | *Слайд.Қазақстан Республикасының картасы,рәміздердің суреттері,* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Мадақтау.***<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық*<br>*Оңға қарай бұрылып,*<br>*Солға қарай бұрылып,*<br>*Бір отырып, бір тұрып*<br>*Бой сергітіп алайық.*<br><br>***«Бөлшектерді құрастыр» дидактикалық ойын.***<br>*Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлекция***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***Сұрақтар ілмегі*** *арқылы қорытындылау.*<br>*Не туралы әңгімелестік?*<br>*Туған жер дегеніміз не?*<br>*-Біздің аулымыз қалай аталады?*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Астана-бас қалам»*** | |
| ***Күні:*** | ***Желтоқсан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Астана туралы білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Астана туралы, ондағы ғимараттар , Бәйтерек туралы түсініктерді біледі.*<br>*Педагогтың көмегімен суретке өз ойын айтады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Бәйтерек. ғимараттар, бас қала* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап әдісі.* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>***Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз»өлеңі.***<br>*Бала, бала, баламыз,*<br>*Бақшамызға барамыз.*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамыз да қаламыз!*<br>***Қызығушылықты ояту:***<br>***Өлең оқу. «Астанам»***<br>*Болашаққа бастаған,*<br>*Шарықтайды асқақ ән.*<br>*Елордасы Отанның,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Мақтанышым – Астанам.*<br>*Сұрақ –жауап*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Өлеңнің ішінде қандай сөздер бар?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Қазақстан үйіміз*<br>*Біз Отанның гүліміз*<br>*Желбірейді туымыз*<br>*Достық біздің жырымыз*<br>***Ойын: «Доп лақтыру»***<br>*Ойын шарты:Әр сөздің сұрақтарына қарай жауап беру керек*<br>*Елтаңба – не бейнеленген? (шаңырақ,тұлпар, Қазақстан, егін, жұлдыз)*<br>*Ту – қандай? (көгілдір, төртбұрышты, әдемі, белгілі)*<br>*Әнұран – не істейді? (шырқайды, айтады, жаттайды)* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІ. Ой дамыту:***<br>***Акт технологиясын*** *пайдаланып астананы , тамашалу.*<br>***Астана жайлы мәлімет беру.***<br>***Сұрақ жауап:***<br>*Педагог жетекшілігмен ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*-Бәйтерек қайда орналасқан?*<br>*-Астанаға немен барамыз?*<br>*-Астанада кімдер тұрады?*<br>*-Астанада күн қандай?* | |
| ***ІV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Менің елім Қазақстан»*** | |
| ***Күні:*** | ***Желтоқсан*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балалардың бойында қоршаған ортамен(балабақша, отбасы, қоғамдық ортамен)адамгершілік  қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру. Туған елге, табиғатқа, халқына, өзі туып-өскен отбасына  сүйіспеншілікке баулу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Тәуелсіздік , рәміздер туралы түсініп, педагогтың көмегімен   суретке қарап өз ойын жеткізе алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:***  *Отан –Родина.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап.* | |
| ***ҰІӘ  өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл*** | ***Шаттық шеңбері:*** | |

| | | |
|---|---|---|
| ***күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***«Арайлап таң атты»***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Күн шуағын шашты.*<br>*Сәлем күн, сәлем жер*<br>*Сәлем достар*<br>*Бәріміз бірге болайық.*<br>***Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.*** | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ой дамыту:***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс:***<br>**1.***-Отан жайлы әңгіме жүргізу.*<br>**2.***-Отан туралы түсінік беру.*<br>**3.***-Сұрақ-жауап.*<br>*-Балалар отбасы дегеніміз не?*<br>*- Отан отбасынан басталады дегенді қалай түсінесіңдер? Мағынасын түсіндіру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>***Ойын: «Доп».*** *Жүргізуші сұрақ қоя отырып, бір балаға лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады.*<br>*- Ал, қане бастайық:*<br>*- Қазақстанның астанасы, қай қала?*<br>*- Астана.*<br>*- Қ. Республикасының тұңғыш президенті кім?*<br>*- Н. Ә. Назарбаев.*<br>*- Біз қай елде тұрамыз?*<br>*- Қ. Р.* | ***Әдіс-тәсілдері:***<br>*түсіндіру,сұрақ-жауап.* |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***Жүректен – жүрекке:***<br>*Өз – отанымды сүйемін!* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

| | |
|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Менің сүйікті қалам, Ел ордасы – Астанам»*** |
| ***Күні:*** | ***Желтоқсан*** |

| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балаларға қала, ауыл және Астана туралы түсініктер беру.Сурет бойынша тиянақтап, ой-өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Тәуелсіздік , рәміздер туралы түсініп, педагогтың көмегімен суретке қарап өз ойын жеткізе алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Отан –Родина.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Арайлап таң атты.*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқырайды даламыз,*<br>*Жарқырайды қаламыз,*<br>*Қайырлы таң достарым!*<br>***Миға шабуыл:***<br>*Допты лақтыру арқылы сұрақ қою.*<br>*Біз қай мемлекетте тұрамыз?*<br>*-Қазақстан Республикасының президенті кім?*<br>*-Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?*<br>*- Қазақстанның астанасы қай қала?*<br>***Мадақтау.*** | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Акт технологиясын*** *пайдаланып Астананы , ауылымызды тамашалау.*<br>***Сұрақ жауап.***<br>***Өлең оқу: «Астанам»***<br>*Болашаққа бастаған,*<br>*Шарықтайды асқақ ән.*<br>*Елордасы Отанның,*<br>*Мақтанышым – Астанам.*<br>***Бір қадам әдісі*** *арқылы* | ***Әдіс-тәсілдері:***<br>*түсіндіру,сұрақ-жауап.* |

| | | |
|---|---|---|
| | *өлеңді қайталату.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Біз кішкентай баламыз,*<br>*Өсіп-өніп толамыз.*<br>*Күнге қарай талпынып,*<br>*Көкке қолды созамыз.*<br>*Қанат қағып ұшамыз,*<br>*Орнымызды табамыз.*<br>***Ойын: «Орамал тастамақ».*** | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>***Сұрақтар ілмегі*** *арқылы қорытындылау.*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Шырша және қайың»*** | | |
| ***Күні:*** | ***Қаңтар*** | | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Ағаштар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштардың түрлерін танып, атауға үйрету.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Өсімдіктердің адам өміріне пайдасы туралы түсінеді.Өз ойын педаогтың көмегімен жеткізе алады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *гүлдер, өседі, күтім, қарау керек.* | | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ –жауап.* | | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І.Шаттық шеңбері:***<br>***«Мейірімді жүрек»***<br>***Шарты:*** *Балалар үлкен шеңбер құрып тұрады. Бір біріне жақсы тілектер тілейді.* | | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІ.Қызығушылықтарын ояту:***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Күн жылынса киінеді,*<br>*Суытса шешті киімді.*<br>*Жел соқса тербеледі,*<br>*Желге күш береді.* ***(Ағаш)***<br>*-Балабақша ауласында қандай ағаштар бар?*<br>*Терезеден бақылау.Ағаштардың қысқы тіршілігіне назар аудартады.*<br>*-Ағаштардың қандай пайдасы бар?Балалардың жауаптары.* | | *Ағаштар суреті* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***III. Ой дамыту:***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Суретке назарларын аударып Қайың. Шыршамен таныстыру.*<br>***АКТ технологиясын*** *пайдалану.*<br>*Қайың, терек, шырша ағаштарын салыстырып, айырмашылығын атау*<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «****Жылдам ағаш түрлерін ата» (доппен)*<br>*Допты қағып алған бала ағаш түрлерін атау керек.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Көкке бойын созады.*<br>*Көпке қолын созады.*<br>*Кең құшағын ашады,*<br>*Көлеңкесін тосады.*<br>*Көк қарағай қарағай,*<br>***Ойын: «Шырша, бүршік, қоян»***<br>***Шарты: «шырша»*** *дегенде қолды екі жаққа созу, «****бүршік»*** *дегенде отыра қалу,*<br>***«қоян»*** *дегенде секіру керек.*<br>*Жаңылып қалған ойыннан шығады.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>*Өлең жолы арқылы қорытындылау.*<br>*Бұтақтарды сындырмай,*<br>*Ағаштарды баптайық.*<br>*Құстарды да атпайық,*<br>*Табиғатты сақтайық!*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="3">«Бөлме өсімдіктері»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="3">Қаңтар</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">МАД «Зайки-Всезнайки» тобы</td><td colspan="2">Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="4">Гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын арттыру. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="4">Бөлме гүлдерінің пайдасы туралы түсінеді.Өз ойын педаогтың көмегімен жеткізе алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="4">Сөздік жұмыс: гүлдер, өседі, күтім, қарау керек.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="4">Сұрақ –жауап.</td></tr>
<tr><td colspan="5">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="3">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>ІІ.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="3">Шаттық шеңбері:<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым<br>Арайлап атқан күнге.</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сұрақ –жауап.*** | |
| ***ҮІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ой дамыту:***<br>***Балалардың назарын топтағы бөлме гүлдеріне аудару.***<br>*-Мыналар нелер?*<br>*-Дұрыс, бұл бөлме гүлдері.*<br>*Бөлме өсімдіктері туралы сұрақ жауап.*<br>*Қазір мен бір өсімдікті сипаттаймын, ал сендер қандай өсімдік екенін табыңдар .*<br>*-Жапырақтары сопақша, үлкен, түсі қою жасыл. Бұл қай өсімдік?*<br>*(Фикус гүлін көрсетеді).*<br>***Мнемокесте арқылы таныстыру.***<br><br>*-Бүгін сендерді жаңа бөлме өсімдігі – хош иісті қазтамақпен таныстырамын.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Біз гүлдер ше өсеміз,*<br>*Жапырағы жайқалған,*<br>*Сабақтары салалы,*<br>*Жел күшімен шайқалған.*<br>***Ой дамыту:***<br>*Қазтамақ гүлімен таныстыру.*<br>*Қазтамақтың сабағы жасыл, шырынды, сабағының бойымен хош иіс беретін жапырақтары өседі Қазтамақ – дәрілік өсімдік . Одан дәрілік майлар жасалады . Хош иісі бөлмеге ұсақ шіркейлерді келтірмейді ..*<br>***Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдердің хош иісі»***<br>*-Балалар, қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық .*<br>*-Фикус қандай күтімді қажет етеді?*<br>*Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді?* | *бөлме гүлдері* |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз?*<br>*Жапырақтарды ауаны тазартады .*<br>*-Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетіңдерші .*<br>*Балалардың жұмыстарын бақылау.*<br>*Сұрақ –жауап әдісі арқылы іс – әрекетінде алған білімдері қорытындыланады.*<br>*Біз бүгін не туралы әңгімелестік?*<br>*Гүлдерге суды не үшін қуямыз?*<br>*Ал гүлдерді қалай күтуге болады?*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Сұрақ –жауап.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

<table>
<tr><td colspan="2">ҰІӘ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Төрт түлігім – ырысым»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Қаңтар</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="2">МАД «Зайки-Всезнайки» тобы</td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>ҰІӘ-нің міндеті:</td><td colspan="3">Балаларға төрт түлік туралы түсінік беру. Төрт түліктің пайдасы жайында айту. Төрт түлік туралы өлең жыр, жаңылтпаш, мақал – мәтелдер арқылы баланың ойын дамыту.</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3">Үй жануарларының атын атай алады.<br>Олардың өмір сүру ортасы туралы, оларға кімдер қамқорлық жасайтыны туралы педагогтың көмегімен айта алады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Сөздік жұмыс: Жануар, орман, түршілік, қыстық.</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰІӘ-нен алған білім</td><td colspan="3">Сұрақ –жауап әдісі.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">ҰІӘ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***I. Шаттық шеңбері:***<br>***"Кел,балалар күлейік"***<br>***Ө.Тұрманжанов.***<br>*Кел,балалар күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек.*<br>*Көңілді болып жүрейік!*<br>***II. Қызығушылықтарын ояту:***<br>***Жұмбақтар жасыру.***<br>*Төрт түліктер туралы.*<br>*-Жүретұғын әрдайым,*<br>*Жануар мұндай қайда бар?*<br>*Ішкен суын әрдайым*<br>*Ақсүт етіп қайтарар.* ***(сиыр)***<br>*-Кішкентай ғана бойы бар,*<br>*Айналдырып киген тоны бар.* ***(қой)***<br>*-Кезікті бір жануар,*<br>*Үстінде екі тауы бар.* ***(түйе)***<br>*Екеуі елеңдеп келеді,*<br>*Төртеуі төбелесіп келеді.* ***(Ат)***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Бір сөзбен бұларды не дейміз?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***2. Ой қозғау:***<br>***Төрт түлік туралы түсінік беру.***<br>*Суретпен жұмыс. -Суретте қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?*<br>*-Төрт түлікке нелер жатады?*<br>*-Неліктен оларды үй жануарлары дейміз?*<br>*-Бізге қандай пайдасы бар? Сөздік жұмыс жүргізу.*<br>*Шұбат, қымыз, мөңірейді, маңырайды, өркеші, төлі,мүйіз, сақалы, шөре-шөре,әукім-әукім*<br>*-Олардың төлдерін қалай атаймыз?* | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ***Түйе төлі-ботақан,***<br>*Мөлдіреп көзі ойнаған.*<br>***Қойдың  төлі-қошақан,***<br>*Өріске қашқан қорадан.*<br>***Ешкінің  төлі-лақ,***<br>*Тыныш тұрмайды ол бірақ.*<br>***Жылқының  төлі-құлыншақ,***<br>*Тұяғы жерге ұрыншақ.*<br>***Сиырдың  төлі-бұзау.***<br>*Сүйкімді әрі асау.*<br>*-Оларға  кімдер  қамқорлық  жасайды?*<br>***3. Ой қозғау:***<br>*Төрт түлік туралы жаңылтпаш.*<br>*Ақ лақ, аппақ па?*<br>*Ала лақ аппақ па?*<br>*Ала лақ аппақ емес,*<br>*Ақ лақ аппақ.*<br>***4 Ой дамыту:***<br>***Мақал –мәтелдер.***<br>*-Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл көсір.*<br>*-Жылқыда өт жоқ,*<br>*Құста сүт жоқ.*<br>*-Төрт түлік мал кисең киім, жесең тамақ.*<br>***5. Тиым сөздер.***<br>*-Малды басынан  теппе.*<br>*-Малды теппе, ақты төкпе.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Мнемо кесте арқылы ҰІӘ қортындылау.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі  бойынша  ұйымдастырылған іс-әрекет  циклограммасы***

*Іс-әрекет  түрі:*   ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Жабайы  жануарлар»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қаңтар*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД  «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балалардың жабайы жануарлар туралы түсінік-терін кеңейту.*<br>*Жануарлардың тіршілігіне деген көз-қарастарын жетілдіру.*<br>*Қамқорлыққа тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Үй жануарларының  атын атай алады.*<br>*Олардың өмір сүру ортасы  туралы, оларға кімдер қамқорлық жасайтыны туралы педагогтың көмегімен айта алады* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Жануар, орман, тұршілік, қыстық.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ –жауап әдісі.* | |
| ***ҰІӘ  өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І. Шаттық  шеңбері:***<br>*Күй  тартамыз  күмбірлі,*<br>*Ән айтамыз  көңілді.*<br>*Би билейміз  ырғақты,*<br>*Ертегі  айтып  қызықты,*<br>*Біз  бастаймыз  сабақты.*<br>***Миға шабуыл:***<br>*-Тауықтар қашып жасқанған,*<br>*Қулығы артық басқа аңна*     ***(Түлкі)***<br>*-Паналайды үңгірді,*<br>*Іздемейді  тасаны*.    ***(аю)***<br>*-Аузы  бейне  шалғы  орақ,*<br>*Шөп  емес  малды  орады  (қасқыр)*<br>*-Үсті толы инелер,*<br>*Бірақ та іс тігіп,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Қадамайды түймені.* ***(Кірпі)***<br>*-Бұтақтарға секіріп,*<br>*Әр жерден қылт етеді.*<br>*Кейде жаңғақ кеміріп,*<br>*Жоғары өрлеп кетеді.* ***(Ақтиін)***<br>*-Қорыққанда жел аяқ, Отырғанда томардай-ақ.* ***(Қоян)*** | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***1.Ой дамыту:***<br>***Мнемотехника әдісі бойынша ж****абайы аңдар туралы түсінік беру.*<br>***Сұрақ –жауап:***<br>*-Жануарлар нешеге бөлінеді?*<br>*- Неге жабайы жануарлар дейміз?*<br>*- Жабайы аңдар қайда өмір сүреді?*<br>*- Олар тамағын қалай табады, нелері көмектеседі?*<br>*–Олардың үй жануарларынан айырмашылығы неде?*<br>***Сөздік жұмысы:*** *айбатты, жыртқыш.*<br>***Ой қозғау:***<br>*Балаларды пішіндер арқылы топқа бөлу.*<br>***1-топ: «Үшбұрыш»***<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Бөлігін тап»***<br>*Суреттегі әр жануарлардың дене бөліктерін таба отырып, оларға сипаттама беру.*<br>***2-топ: «Төрт бұрыш»***<br>***Құрылымдалған ойын:***<br>***«Өз үйіне орналастыр»***<br>*Араласып кеткен үй жануар-ларымен, жабайы жануарларды топтау*<br>*және оларды өз үйлеріне орналастыру.*<br>***3-топ: «Дөңгелек»***<br>***Құрлымдалған ойын: «Өз анасын тап»***<br>*Әр жануардың балаларын өз аналарына қосу.*<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Ең айлакер аң.......(түлкі) Ең қорқақ ........ (қоян)*<br>*Балды жақсы көретін....(аю)* | *АКТ ,слайд, үй және жабайыжануарлар ойыншықтары* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Аң патшасы.........(арыстан) Мысыққа ұқсайтын аң...(жолбарыс)*<br>*Ең ұзын мойын......(керік) Қораға шабатын аң...(қасқыр)*<br>*Ең ірі жануар.......(піл) Үстінде тікенегі бар.....(кірпі)* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Үй құстары»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қаңтар*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшелік терін ажыратуға үйрету. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Құстар туралы түсінеді. Қыстап қалатын құстарды атай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Құс, қыстайды, қамқорлық, ұшады.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен ҰІӘ сұрақтарға жауап береді.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Қуан шаттан, алақай! Қуанатын келді күн,*<br>*Қайырлы таң! Қайырлы күн !*<br>*Күліп шықты күн бүгін.*<br>*Жыл мезгілін сұрау.*<br>*Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша*** | ***Қызығушылықты ояту:***<br>*Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдату.* | *Акт, үнтаспа, әтеш , тауық суреттері* |

| | | |
|---|---|---|
| ***жұмыс***<br>.......*минут* | *Үнтаспадан үй құстарының дауысын тыңдату.*<br>***Ой дамыту:***<br>***АКТ технологиясын пайдаланып үй құстарын тамашалау.***<br>***Үй құстары.***<br>*-Әтеш пен тауықтың суретін көрсетіп, олардың дене бітімі, ұқсастықтары мен ерекшелігі туралы сұрақтар қою.*<br>*-Әтеш қалай дыбыстайды?*<br>*- Ал, тауық ше?*<br>*-Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?*<br>*-Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Әтеш ерте оянып,*<br>*Жан-жағына қарады.*<br>*Шынықтырып денесін,*<br>*Қанаттарын қағады.*<br>***5. Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»***<br> | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>.........*минут* | ***Қорытынды:***<br>*–Бүгінгі оқу қызметінде не жайлы сөз болды?*<br>*–Олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?*<br>*–Үй құстары бізге қандай пайда келтіреді?*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Қыста құстарға қамқор боламыз»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қаңтар*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауын, шығармашылық қиялын дамыту.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Құстар туралы түсінеді. Қыстап қалатын құстарды атай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Құс, қыстайды, қамқорлық, ұшады.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен ҰІӘ сұрақтарға жауап береді.* | |

| ҰІӘ өтілу барысы | | |
|---|---|---|
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***1.Шаттық шеңбері:***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәуле таратты.*<br>*Жарқырайды күніміз,*<br>*Жайнай түсті гүліміз.*<br>***Қазір жылдың қай мезгілі?***<br>***Қыс мезгілінде неше ай бар?***<br>***2.Мнемотехника: « Қыс мезгілі»*** | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***3.Тосын сәт:***<br>***Білмеспек*** *келді. Білмеспек далада бір дыбысты естіген, бірақ ненің дыбысы екенін білмейді. Сендерден көмекті сұрап келіп тұр.*<br>*-Көмектесеміз бе?*<br>***Үнтаспа:***<br>*Құстарының дауысын тыңдату.Балалар, сендер ненің дауысын естіп тұрсыңдар?*<br>***АКТ:  Құстардың суреті.***<br>*Қандай құстарды көріп тұрсыңдар?*<br>*Қыста құстарға қалай қамқор боламыз?*<br>***Суықторғай*** *– жотасы қоңыр, кеудесі сұр, кішкентай құс.*<br>*Олар үйірімен жүреді.*<br>***Торғай*** *– пайдалы құс. Ол зиянкес құрттар және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді.*<br>***Сарышымшық*** *– жылдам ұшатын құс. Кеудесі сары-жасыл, басы, тамағы қара, құйрығы мен қанаты көгілдір, қарны сары, ал желкесінде ақ дақ бар.*<br>***Суықторғай мен сарышымшық*** *жазда жәндік және жидектермен қоректенеді, түрлі дәнді дақылдар да –  олардың қорегі.*<br>*Қыста адамдарға жақын жерге ұшып келіп, олар жасаған жемсауыттардағы жемді шоқып жейді.*<br>***Тоқылдақ*** *– орман құсы. Ағаш қуысындағы зиянды жәндіктермен қоректенеді.*<br>*Оны «Орман дәрігері» деп атайды. Орманда оның тоқылдатқан дыбысын естуге болады.*<br>***Көгершін (кептер)*** *– қала, ауылда адамдарға жақын мекендейді.* | *АКТ технологиясы*<br>*Құстар суреттер* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Адамдар, балалар құстарға жемшашар жасап, оған нанның қоқымын, жем салып қамқорлық көрсетеді.*<br>***4.Сергіту сәті:***<br>*Ептеп, ептеп, жерден бидай терейік,*<br>*Тергеніңді торғайларға берейік.*<br>*Торғай, торғай томпаң-томпаң секірсін,*<br>*Шаршадың ба, отыра ғой деміңді ал.*<br>***5.Шығармашылық орталық:***<br>*Құстарға дән дайындау.*<br>*Жеке балаларға көмектесу.*<br>***Мадақтау.*** | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Сұрақ – жауап әдісі арқылы аяқтау.***<br>*Аю сендерге рахмет айтып жатыр. Енді ол ненің дауысы екенін біледі.*<br>*Балалар **білмеспекпен** қоштасады.* | |

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

*Іс-әрекет түрі:* ***Қазақ тілі***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘ тақырыбы:*** | ***«Көңілді қыс»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қаңтар*** | |
| ***ТОП:*** | ***МАД «Зайки-Всезнайки» тобы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Балаларға қыс мезгілі, қыста болатын табиғат құбылыстары туралы түсінік беру.*<br>*Суретке әңгіме құрап, өз ойын айта білуге үйрету.*<br>*Мнемо кестемен жұмыс жүргізе отырып, баланың тіл байлығын жетілдір.* | |
